

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі

«Күләш Байсейітова атындағы
дарынды балаларға арналған
республикалық мамандандырылған
музыкалық орта мектеп-интернаты»
Республикалық мемлекеттік
мекемесі

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ

28.08.2021

дата

Алматы қ.

Республиканское государственное
учреждение «Республиканская
средняя специализированная
музыкальная
школа-интернат для одаренных
детей имени Куляш Байсеитовой»

Министерства культуры и спорта
Республики Казахстан

ДОЛЖНОСТНАЯ ИНСТРУКЦИЯ



№ 30

г. Алматы

Бекітемін:
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
«Күләш Байсейітова атындағы
дарынды балаларға арналған
республикалық
мамандандырылған музыкалық
орта мектеп-интернаты» РММ
Директоры

Абдрашев Б.Т.
2021 ж. «28» 08.

МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕЙІРГЕР

Әзірлеген:			
Мектеп дәрігері		Бекмурзаева З.Т.	<u>28.08.21</u>
Диктордың оқу жөніндегі орынбасары		Мусрепова М.С.	<u>28.08.21</u>
Келісілген:			
Басшылықтың менеджмент сапасы жөніндегі өкілі		Мусрепова М.С.	<u>28.08.21</u>
Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары		Ахметова С.Н.	<u>28.08.21</u>
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңестің төрайымы		Кошкарбаева А.Р.	<u>28.08.21</u>
Кадр бөлімінің инспекторы		Касенова Р.С.	<u>28.08.21</u>
Заңгер		Болсамбеков Н.А.	<u>28.08.21</u>
Лауазымы	Қолы	Аты-жөні	Күні

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.
2. БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ.....	ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.
3. ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ.....	4
4. ҚҰҚЫҚТАРЫ.....	7
5. ЖАУАПКЕРШІЛІК.....	7
ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ.....	8
ТАНЫСУ ПАРАҒЫ.....	9

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Лауазымдық нұсқаулық	Медициналық мейіргер
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	9-дан 2 бет

1. Осы лауазымық нұсқаулық ҚР Еңбек Кодексінің талаптарына сәйкес, «Білім беру ұйымдарының білім алушылары және тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» 2017 жылғы 7 сәуірдегі № 141 және «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрықтары негізінде әзірленді.

2. Осы лауазымдық нұсқаулық Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты» Республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Мектеп) медициналық мейіргерінің (қызметтік міндеттерін, құқықтары мен жауапкершілігін айқындайды.

3. Медициналық мейіргер Мектеп директорының бұйрығымен лауазымына тағайындалады және босатылады. Мейіргердің жұмысына басшылықты мектеп дәрігері жүзеге асырады.

4. Медициналық мейіргер өз жұмысында төмендегілерді басшылыққа алады:

1) Денсаулық сақтау, санитария және гигиена мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілері мәртебесі бар нормативтік құжаттаманы;

2) Жоғары тұрған органдардың бұйрықтары мен нұсқаулықтарын;

3) Мектеп қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды, Медициналық қызмет көрсету туралы ережені;

4) Осы лауазымдық нұсқаулықты.

2. БІЛКІТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

1. Медициналық мейіргер лауазымына «Мейіргер ісі» немесе «Емдеу ісі», «Акушерлік іс» мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік (орта арнайы, орта кәсіптік) медициналық білімі, 2003 жылғы 11 ақпанға дейін осы лауазымға кіріскен тиісті мамандық бойынша Денсаулық сақтау саласындағы маманның сертификаты, «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша қайта даярлау туралы сертификат немесе куәлік немесе «Мейіргер ісі» (қолданбалы бакалавриат) мамандығы бойынша орта білімнен кейінгі білім немесе «Емдеу ісі», «Педиатрия» мамандықтары бойынша жоғары медициналық", «Жалпы медицина», «Мейіргер ісі» мамандықтары бойынша бакалавриат және орта деңгейлі маман сертификаты бар адам тағайындалады.

Лауазымдық нұсқаулық	Медициналық мейіргер
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	
9-дан 3 бет	

2. Медициналық мейіргер мыналарды білуге міндетті:
 - 1) Қазақстан Республикасының Конституциясын;
 - 2) Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін;
 - 3) Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексін;
 - 4) Бала құқығы туралы Конвенцияны;
 - 5) Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы»;
 - 6) білім алушылар мен тәрбиеленушілерге медициналық көмек көрсету қағидаларын;
 - 7) пайдаланылған материалды дезинфекциялау ережесін;
 - 8) орта медициналық персоналдың қызметін ұйымдастыру мәселелерін;
 - 9) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі жөніндегі қағидалар мен нормалар;
 - 10) санитарлық ағарту, білім алушылар мен персоналды гигиеналық тәрбиелеу және салауатты өмір салтын насихаттауды ұйымдастыруды.

3. ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

Медициналық мейіргер:

1. Оқу кезеңінде және каникул кезінде сауықтыру іс-шараларын, Мектепте, оның ішінде көшпелі мамандар бригадаларын тарта отырып, профилактикалық медициналық тексерулер жүргізуді ұйымдастырады.
2. Мектепте аурулардың алдын алуға, ұтымды тамақтану қағидаттарын енгізуге және сақтауға, ұрпақты болу денсаулығын қорғауға бағытталған денсаулық сақтау технологияларын енгізеді.
3. Темекі өнімдерін тұтынудан, психобелсенді заттарды медициналық емес пайдаланудан, сондай-ақ құмар ойындарға патологиялық тартудан туындаған психикалық денсаулықты қорғау, суицидтік мінез-құлық пен тәуелділіктің алдын алу бойынша жұмыстарды жүргізеді. Мектептің білім алушыларының денсаулығына шағымдануына мән бермеу фактілеріне жол бермейді.
4. Жоспарлы, маусымдық немесе эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша білім алушылардың тиісті контингентіне вакцинация жүргізуді және оларды кейіннен бақылауды қамтамасыз етеді. Препараттарды сақтау және қолдану тәртібін сақтай отырып, профилактикалық екпелерді уақтылы жасайды. Сынып жетекшілері арқылы Мектептің білім алушыларының ата-аналарынан (занды өкілдерінен) вакцинациялауға немесе жоспарлы түрде басқа да медициналық қызмет түрлерін жүргізуге келісім немесе бас тарту алу үшін вакцинация күнтізбемсіне сәйкес профилактикалық екпелер жасау қажеттілігі, алдағы медициналық карап тексерулер туралы хабардар етеді.

Лауазымдық нұсқаулық	Медициналық мейіргер	
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОИ» РММ»		9-дан 4 бет

5. Бірінші медициналық дәрігерге дейінгі көмек көрсетеді, мектеп дәрігерінің қосымша қабылдауына оқушыларды ұйымдастырады, дәрігерге оқушыларға жоспарлы және жоспардан тыс тексеру жүргізген кезде көмек көрсетеді, мектеп оқушыларына профилактикалық тексерулер ұйымдастырады. Оқушыларды профилактикалық тексерулердің нәтижелері бойынша тереңдетілген медициналық тексеруге жібереді.

6. Балалардың арасында инфекциялық ауруларға, саңырауқұлақты және паразиттік ауруларды анықтау, ай сайын балаларды қышыма, биттеу, тері ауруларын тексеру жұмысына қатысады (ауру адамдармен байланыста болған балаларды бақылайды). Балаларға бактериялық тексеру ұйымдастырады (ішек құрт жұмыртқаларына тексеру). Білім алушылар, тәрбиеленушілер немесе персоналдың арасында инфекциялық аурулар тіркелген кезде, сондай-ақ профилактикалық мақсатта санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық шаралар жүргізу жұмысы жүргізеді.

7. Балалар жарақаттануының алдын алу шараларын өткізеді, кез келген жарақат алу жағдайларын есепке алады. Кешенді жұмыс жоспарына сәйкес туберкулездің алдын алу бойынша іс-шараларды өткізуге, декреттелген жастағы балаларға және БЦЖ ревакцинациясы алдында туберкулездық сынамалар қоюға, 15 жастан асқан балаларды флюорографиялық зертеп тексеруге және балалар фтизиатрына жіберуге қатысады.

8. Медициналық кабинетте құрал-жабдықтар мен инвентарьды өндірушінің нұсқаулығына сәйкес қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялау құралдарымен санитарлық-дезинфекциялық өндеу жүргізеді. Есепке алу-есептік құжаттаманы жүргізеді, медициналық карталарды толтырады.

9. мектеп-интернатта санитарлық тәртіпті орнату нұсқаулығына сәйкес іс-шараларын атқарады: барлық бөлмелердің тиісті тазартуын, мектеп ауласының тазалығын, бөлмелердің ауасын тазартуды, жеткілікті жарықтандыруды, жылытуды және т.б. ұйымдастырады.

10. Медициналық және егу кабинеттеріндегі құралдардың сақталуы мен жұмыс істеуіне, сонымен қатар ол жерде сақталатын барлық дәрі-дәрмек түрлерінің болуы мен қолдану мерзімінің жарамдылығына, олардың орнымен жұмсалуына жауап береді; дәрі-дәрмек, таңу материалдары мен құралдардың жұмсалуын есепке алады, медициналық инвентарьды есепке алу мен сақтақтауға жауапты, оларды уақытылы толықтыруға және есепке алуға бақылау жүргізеді.

11. Науқастанған оқушылардың сабақтарға қатыспаған мерзімін бақылайды, оқушылардың ата-аналарына (оларды алмастыратын адамдарға) балалардың ауырғаны туралы хабарлайды, медициналық құжаттар әзірлейді, инфекциялық аурулармен байланыста болған оқушыларды бақылауға алады.

12. Мектеп-интернатта оқушылармен, педагог қызметкерлермен денсаулықты сақтауға және нығайтуға, балалардың физиологиялық дамуына

Лауазымдық нұсқаулық	Медициналық мейіргер
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	
9-дан 5 бет	

ықпал ететін, сауықтыру, аурулардың алдын-алу және санитарлық гигиеналық жұмыстарды ұйымдастырады, салауатты өмір салтын сақтау бойынша шаралар өткізеді, оқушыларға алғашқы медициналық көмек көрсету мен жеке гигиена тәртібі туралы әңгімелер жүргізеді.

13. Білім алушыларға, педагогтер құрамына және техникалық персоналға жіті аурулар кезінде және созылмалы аурулар асқынған жағдайда, жарақаттар алған кезде шұғыл медициналық көмек көрсетеді (дәрігерге дейінгі жедел көмек, аумақтық емханаға жолдама беру, «шұғыл» көмек бригадасын шақыру).

14. Білім алушылардың және интернат тәрбиеленушілерінің денсаулықтарын сақтау және нығайту, олардың арасында сырқаттанушылықты азайту, профилактикалық екпе жасауды, профилактикалық тексерулерді ұйымдастыру және тіркелген МСАК ұйымы бойынша уақытында диспансеризациялауды бақылау бойынша шараларды жыл сайын жоспарлауға қатысады;

15. Психикалық және эмоционалдық саламаттыққа талпындыратын дағдыларға үйретуге үлес қосады, оқушылармен, қызметкерлермен және ата-аналармен емдік-профилактикалық, санитарлық-гигиеналық, ағарту жұмыстарын ұйымдастырып өткізеді, салауатты өмір салтын сақтау шараларын жүргізеді.

16. Аурулардың алдын алу, оқушылар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру және насихаттау, алғашқы көмек көрсету бойынша оқыту семинарларын, тренингтер мен дәрістер ұйымдастырады және өткізеді. Білім беру және түсіндіру іс-шараларын өткізе отырып, ата-аналар мен педагогтарды мектеп оқушыларының денсаулығын сақтауға тартады.

17. Оқу процессін және оқытудың қауіпсіз жағдайларын ұйымдастыруға, Мектеп-интернатта санитарлық-эпидемиологиялық режим сақтауға қатысады, оқушыларды оқыту және тәрбиелеудің гигиеналық жағдайларына медициналық бақылауды жүзеге асырады;

18. Шектеу шаралары, оның ішінде карантин енгізілген кезеңде «Білім беру ұйымдарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға» сәйкес білім беру ұйымдарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды жүзеге асырады.

19. Дене шынықтыру сабақтарына, сондай-ақ мектеп оқушыларының тәни дамуына медициналық бақылау жүргізеді. Сабақтар барысында көзге арналған жаттығулар, білім алушылардың локальды шаршауын басу бойынша сергіту сәттерін өткізу бойынша ұсынымдар береді және бақылау жүргізеді. Білім алушыларды ауыз қуысының гигиенасы ережелеріне үйретеді.

20. Отбасындағы ересек адамдардың тарапынан немесе мектепте көрсетілген зорлық-зомбылықтың кесірінен денсаулыққа зақым келуге күдік туған кезде орын алған жағдайдың анық-қанығына көз жеткізгенге дейін

Лауазымдық нұсқаулық	Медициналық мейіргер	
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»		9-дан 6 бет

және одан кейін де іс-әрекет ету және қолдау шараларын қабылдайды, емдеу-профилактикалық көмек көрсетеді, қажет болған кезде ішкі істер органдарына хабарлайды.

21. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, өрт қауіпсіздігі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылық қағидаларын сақтайды.

4. ПРАВА

1. Медициналық мейіргердің мынадай құқықтары бар:

- 1) кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;
- 2) өзінің кәсіби және медициналық пунктінің қызметіне қатысты басшылық шешімдерінің жобаларымен танысуға;
- 3) кәсіби қызметіне баға берілген шағымдармен және басқа да құжаттармен танысуға, оларға түсіндірме беруге;
- 4) Мектептің медициналық пункті қызметкерлерінің жұмысын жетілдіру бойынша басшылықтың қарауына ұсыныстар енгізуге;
- 5) Мектеп директоры алдында өзінің құқықтары мен міндеттерін, Мектептің медициналық пунктіне жүктелген міндеттерді орындауға қолдау көрсету туралы өтініш жасауға;
- 6) комиссиялардың құрамына кіруге және Мектептің медициналық-профилактикалық, санитарлық-эпидемиологиялық жұмысын және санитарлық нормалар мен қағидаларды орындауға байланысты мәселелерді шешу бойынша олардың жұмысына қатысуға;
- 7) оқушылардың, педагогтердің және Мектептің басқа да қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті, санитарлық-эпидемиологиялық сипаттағы шешімдер қабылдауға;
- 8) өз құзыреті шегінде Мектеп мүдделерінің өкілі болуға және оны жүзеге асыруға;

2. Медициналық мейіргердің Қазақстан Республикасының Конституциясында, Еңбек Кодексінде, Мектептің Медициналық қызмет көрсету туралы ережесінде, Жарғысында, Ұжымдық шартта, Ішкі еңбек тәртіптемесі қағидаларында көзделген құқықтары бар.

5. ЖАУАПКЕРШІЛІК

1. Медициналық мейіргер Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінде белгіленген шекте келесі жағдайда тәртіптік жауапты болады:

- 1) өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін;
- 2) өзіне берілген құқықтарды теріс пайдаланғаны үшін;
- 3) жоспарлы жұмыстар мен тапсырмаларды орындамағаны үшін;
- 4) мектептің ішкі еңбек тәртібі қағидаларын, медициналық этиканы, еңбек тәртібі мен субординация сақтамағаны үшін;

Лауазымдық нұсқаулық	Медициналық мейіргер
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	
9-дан 7 бет	

5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамаларда белгіленген шекте өз қызметін жүзеге асыру барысында жасалған құқық бұзушылықтар үшін.

2. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген тәртіпте мейіргер қызметтік құпияны сақтау үшін жауапты.

3. Тәртіптік, материалдық және қылмыстық жауапкершілік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындалады.

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Тіркеу нөмірі	Тіркеу күні	Өзгерістер	Қолы
1	2	3	4

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

Лауазымдық нұсқаулық	Медициналық мейіргер
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	9-дан 8 бет